# Сабақтың тақырыбы: Нұрғиса Тілендиев және оның шығармалары.

***Сабақтың мақсаты:Б: Оқушыларға Н. Тілендиев өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру.***

***Д:Оқушылардың алған білімдерін ән айтқызу арқылы дамыту.***

***Т: Оқушыларды сұлулыққа, еңбекке тәрбиелеу.***

**Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.**
**Сабақтың әдісі: Түсіндірмелі- практикум.**
**Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, тарих, информатика.**
**Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд, суреттер.**

Жоспары: I. Ұйымдастыру.

II.Үй тапсырмасын сұрау.

III.Жаңа сабақ.

IV.

V.Үйге тапсырма беру.

VI.Бағалау.

VII. Үйге тапсырма беру.

**Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев – Алматы облысы, Іле ауданында дүниеге келген. Композитор, дирижер, домбырашы. Қазақстанның халық қаһарманы.2- дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1949- 50 ж.Алматы мемлекеттік консерваториясында, ал 1950-52 ж. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетінде оқыды.**

**1952-61 жж. Қазақтың мемлекеттік академиясының халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып қызмет атқарды. 1968- 81 жж “Қазақфильм” киностудиясы музыкалық редакциясының бас редакторы болып, 1981- 1998 ж “Қазақфильм” киностудиясы редакциясының бас редакторы болды. 1981-1998 ж өзі ұйымдастырған “Отырар сазы” фольклорлық этнографиялық ансамблінің көркемдік жағын басқарды.**

**Еркін төгілген әсем әуен, сымбатты ырғақ, нәзік лиризм, азаматтық пафос пен динамикалық серпін- композитор шығармаларына тән қасиет. Ол 50- ден драм. спектакль 19 көркем фильмге “Қыз Жибек”, “Қилы кезең”, “Менің атым- Қожа”, 17 мультфильмге “Қарлығаштың құйрығы неге айыр?”, “Ақсақ құлан”, 14 дерек ті – хроник фильмге “Академик Сәтбаев”, “Ыбырай Алтынсарин” т.б.музыка жазды.**

**1976- 1977 жылдардағы әндері, романстары және оркестрге арна шығарған музыкалық шығармалары үшін оған Қазақ КСР- і Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1999 жылы Алматы қаласында композитор есімімен көше, “Отырар сазы” фольклорлық этнографиялық ансамблі Н.Тілендиев есімімен аталады.**

**Алматы облысы. Іле ауданындағы, Қарой ауылдық округі құрамындағы ауылға 2005 жылы Н.Тілендиев есімі берілді.**

**1998 жылы дүние салды.**

**Алматы облысында жерленді.**



# Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ



Нұрғисаның анасы –
Салиха Атабайкеліні



Тілендінің інісі – Тілеген



Жиырма жасар Нұрғиса



Нұрғисаның қайын жұрты



Композитор ақтөбелік мәдениет қызметкері Қ. Жасекенов пен журналист С. Сембаевтың ортасында



Ел арасында



Қарағандылық журналистермен



Дариға інісі Түстікбаймен



Дариға сыныптастарымен
*(Жоғарыда солдан екінші)*







Көңіл сұрай келгенде: Е. Жүнісбеков, С. Үмбетов, Дариға



Аурухана төсегінен табиғат аясына асыққан бір сәт - қызымен және інісі, жазушы Ж. Шаштайұлымен



Нұрғиса ағасы Қаймолданың қызы Ларисамен



Асыл жары Дариғамен



Жастық шақтан ескерткіш.
Солдан оңға қарай: (отырғандар) Ә. Сартбаев, Нұрғисаның алғашқы қосағы Саржан, Нұрғиса; (түрегеп тұрғандар) Қожамқұлов, Қырықбай және Алмабек Сұрапбергеновтер



Дариғамен және ұлы Даниярмен



Мұрагері Дінзухраның (Динара) сахнада алғаш өнер көрсеткен сәтінде



Нұрғиса Дінзухрасымен аурухана палатасында



"Отырар сазы" ансамблінің алғашқы құрамы



Композитордың 70 жылдық тойында.
Домбырашы Қ. Ахмедияровпен



Жазушы С. Мұратбеков, Н. Тілендиев, партия қызметкері Т. Махметов



Той иесі күй тартады



Той иелерінің жүзі жарқын.
Жұбайы Дариғамен



Байғали Досымжановпен бірге





**Үйге тапсырма: Н.Тілендиев өмірі мен шығармалары.**

**Бағалау.**

**Қорытындылау.**

# Назарларыңызға рахмет!